

# **Семинар 12 Соттардың ерекше іс жүргізу тәртібімен істерді қарау**

**Орындаған: Студент Мералы Ислам  
ПД-313**

**Тексерген: Калияуов Женис  
Тлеугазыевич**

# ЕРЕКШЕ ІС ЖҮРГІЗУ

құқық туралы даумен байланысты емес заңи деректерді сотта анықтау және нотариат пен АХАЖ органдарының әрекеттерінің заңдылығын қадағалау

Негізгі ерекшелігі **құқық туралы дау болмайды.**

ерекше іс жүргізу ҚР АПК Кодексындағы ережелер бойынша жүргізіледі;

ерекше іс жүргізу тәртібімен іс қозғаушы тұлға **арыз беруші** деп аталады;

Іс талап қою бойынша іс жүргізу тәртібімен **оның қозғалу орны** бойынша қаралады.

## **Ерекше іс жүргізу тәртібімен жиі қаралатын істер бойынша арыз беру тәртібі:**

1) заңдық маңызы бар фактілерді анықтау сот азаматтардың немесе ұйымдардың жеке не мүліктік құқықтарының туындауына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына байланысты болатын фактілерді анықтайды. Арызда арыз берушінің қандай фактіні және қандай мақсатпен анықтау қажет екендігі көрсетілуге тиіс, сондай-ақ арыз берушінің тиісті құжаттарды алуы мүмкін еместігін не жоғалтқан құжаттарды қалпына келтіру мүмкін еместігін растайтын дәлелдемелер келтірілуі тиіс.

2) жылжымалы затты иесіз деп тану және жылжымайтын мүлікке коммуналдық меншік құқығын тану туралы арызосы мүлікті иеленуге кіріскен жеке тұлға тұратын жердегі немесе ұйым орналасқан жердегі сотқа беріледі. Арызда қандай мүліктің иесіз деп тануға жататындығы көрсетілуге, оның негізгі ерекше белгілері сипатталуға, сондай-ақ мүлікке меншік құқығын сақтау ниетін көздемей, сол мүлікті меншік иесінің тастап кетуін куәландыратын дәлелдемелер келтірілуге тиіс.

3) бала асырап алу туралы өтініште бала асырап алушылардың (бала асырап алушының) фамилиясы аты, әкесінің аты, олардың тұрғылықты жері; Асырап алынатын баланың фамилиясы аты, әкесінің аты, туған күні, айы, жылы, оның тұрғылықты жері, асырап алынатын баланың ата-аналары, аға-інілері мен апа-қарындастарының бар-жоғы туралы мәліметтер; Бала асырап алушылардың (бала асырап алушы) баланың тууы туралы акт жазбасына тиісті өзгерістер енгізгісі келген жағдайда, асырап алынатын баланың фамилиясын, атын, әкесінің атын, туған күнін (баланы бір жасқа дейін асырап алған жағдайда), асырап алынатын баланың туған жерін өзгерту туралы, баланың тууы туралы акт жазбасына бала асырап алушыларды (бала асырап алушыны) ата-аналар (ата-ана) ретінде жазу туралы өтініште көрсетілуге тиіс.

4) азаматтық хал актілері жазбаларының жаңсақтықтарын анықтау туралы арыз оны берушінің тұратын жеріндегі не азаматтық хал актілерін жазу органы орналасқан жердегі сотқа беріледі. Арызда азаматтық хал актілерін жазу кітабындағы жазудың жаңсақтығы неде екендігі, қашан болғаны және азаматтық хал актілерін жазудың қандай органы жасалған жазбаны түзетуден немесе өзгертуден бас тартқандығы көрсетілуге тиіс. Осы жоғарыда көрсетілген арызға қоса арыздағы көрсетілген мән-жайларды дәлелдейтін қажетті құжаттар мен мемлекеттік баж төленгені жөнінде түбіртек тікелуі тиіс.

**Сот азаматтардын немесе  
ұйымдардың жеке не мүлiктiк  
құқықтарының туындауына,  
өзгеруiне немесе тотатылуына  
байланысты болатын  
фактiлердi анықтайды.**

# Сот мынадай фактілерді анықтау туралы істерді қарайды:

мурагерлікті қабылдау және мұрагерліктің ашылу орны	<u>адамның</u> біреудің асырауында болуы	мүлікті меншік, шаруашылық жүргізу және оралымды басқару құқықтарымен иелену, пайдалану және (немесе) оған билік ету
<u>азаматтық</u> , хал актілерін жазу органдары қайтыс болу оқиғасын тіркеуден бас тартқан жағдайда адамның белгілі бір уақытта белгілі бір мәнайларда қайтыс болуы	жазатайым жағдай	<u>адамдардың</u> туыстық, қатынастары



**Азаматты хабар-ошарсыз кеткен  
деп азаматты хабар-ошарсыз  
кеткен деп тану, адамның  
тұрғылықты жері бойынша ол  
туралы бір жыл бойы мәлімет  
болмаса, мүдделі тұлғалардың  
сот тәртібіндегі өтініші бойынша  
мүмкін болады.**

Хабар-ошарсыз кеткен деп танылған адам келген немесе тұрған жері табылған жағдайда, сот оны хабар- ошарсыз кеткен деп тану туралы және оның мүлкіне қорғаншылық тағайындау туралы шешімін жояды.

Азаматты қайтыс болды азаматты қайтыс болды деп жариялау, егер адамның тұрғылықты жері бойынша ол туралы үш жыл бойы мәлімет болмаса, мүдделі тұлғалардың сот тәртібіндегі өтініші бойынша мүмкін болады.

**Назарларыңызға рахмет!**